ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 17 қаңтардағы Іс 2713-23-00-2/3195 Орал каласы

Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья У.Е.Хайруллина
сот отрысының хатшысы Б.Алимбаевтің отыруында
ашық сот отырысында талап қою бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП КОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Агрохимия қызметі республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Федосеев Анатолий Викторович жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2) 54 000 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСУШЫЛАР:
прокурор Д.Нурсултанова
талап қоюшының өкілі Ж.Ж.Кантарбаев

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2023 жылғы 12 тамызда тараптар арасында №302 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарты (бұдан әрі-шарт) жасалған.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес, жауапкер шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде 3 600 000 теңгеге 5 дана фотоколориметр тауарын жеткізуді міндетіне алған.

Тапсырыс беруші тауарды қабылдауға және ақысын төлеуге міндеттенген.

Талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және 54 000 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

талап қоюмен сотқа жүгінді, онда жауапкер шартта көзделген міндеттемесін орындамағанын атап көрсеткен.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір сотқа түскен жоқ.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюды қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сот отырысына қатыспады, сот отырысының күні мен уақыты турасында тиісінше хабардар бола отыра, белгісіз себептермен келмеді және істі өзінің қатысуынсыз қарауды талап етпеді.

Сот, істі Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі-АПК) 196-бабына тараптардың қатысуынсыз қарауды мүмкін деп санайды.

Прокурор талап қою қанағаттандыруға жатады деген қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап қою бойынша

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының (одан әрі-Заң) 12-бабы 4-бөлігінің 3-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өңім берушілердің тізбесін білдіреді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272-бабына (одан әрі-АК) сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

АК-нің 458-бабына сәйкес кәсіпкер болып табылатын сатушы (тауар беруші) сатып алушыға өзі өндіретін немесе сатып алатын тауарларды кәсіпкерлік қызметке немесе жеке өзіне, отбасына, үй ішіне және сол сияқты өзге де пайдалануға байланысты емес өзге мақсаттарға пайдалану үшін келісілген мерзімде немесе мерзімдерде беруге міндеттенеді.

Шарттың 3.1-тармагына сай, орындаушы өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Сотта, шарт орындалмағаны, сол себептен жауапкер тарапынан шарт талаптары бұзылғаны анықталды.

Шарт тараптар арасында бұзылған.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалғанын ескере отырып, талап қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Құжатқа қол қойылған: Хайруллина У. Е., 17.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 20.02.2024, судья Хайруллина У. Е., 21.02.2024
2713-23-3-1/3511

№2 талап қою бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл, өсімақы) айыбы, борышкердің міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда несие берушіге заңмен немесе келісім-шартпен анықталған ақша сомасын төлеуге міндетті.

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес, өнім беруші өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуі қажет деп көрсетілген.

Талапкердің ұсынған есебіне сәйкес тұрақсыздық айыбы 54000 теңгені құрайды. Есеп дұрыс жасалған.

Сондықтан, міндеттемені бұзған жауапкерден мемлекет пайдасына 54 000 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

ҚР АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына 3466 теңге мемлекеттік баж өндіріліп алынады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою қанағаттандырылсын.

Федосеев Анатолий Викторович жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Федосеев Анатолий Викторович жеке кәсіпкерінен (ЖСН 780609350187) мемлекет пайдасына 54 000 (елу төрт мың теңге тұрақсыздық айыбы және 3 466 (үш мың төрт жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Сот шешіміне апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты осы сот шешімі түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап, ал сот отырысына қатыспаған тұлғалар, оларға сот шешімінің көшірмесі жолданған күннен бастап бір айдың ішінде БҚО мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Батыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына берілуі мүмкін.

Судья **Хайруллина У.Е.**

Құжатқа қол қойылған: Хайруллина У. Е., 17.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.02.2024, судья Хайруллина У. Е., 21.02.2024

2713-23-3-1/3511